

# Журналистердің ДАРЫНДЫ ТӘЛІМГЕРІ

*Академик, публицист, галым Сагымбай Қозыбаевтың  
қайраткерлік қырлары хақында*

## ЕЛГЕ ТАНЫМАЛ ҚОЗЫБАЕВТАР ӘУЛЕТІ

Қазақ елінде Қозыбаевтарды жүртшылықтың бәрі де жақсы біледі десем артық айтқаным емес. Бұлай дейтін себебім, өзім де осы киелі шанырактан түлеп үшқан көрнекті тұлғалармен кезінде кездесіп, әңгімелестім.

Жуырда осы әулеттің жиені болып келетін белгілі галым, тарих ғылымдарының докторы, Қостанай өнірлік университетінің профессоры Аманжол Күзембайұлымен арнайы жолықтым. Онымен таяуда 80 жасқа толғалы отырган Сагымбай Қабашұлы жөнінде сырласып, біраз тың мәліметтерге қанықтым.

Барша әріптестеріміз өздеріне өнеге тұтатын Сагымбай аға 1944 жылы шілде айында Қостанай

облысына қаасты Мендіқара ауданының Жанаттурмыс ауылында дүниеге келді.

Оның ардақты әкесі Қабаш жүртшылыққа жете танымал. Өйткені, бұл есім қашан да құрметпен аталауды. Қазақтың абыз ақсақалы сонау бір жылдары колхозды басқарған қайраткер кісі-тін. Оның аузынан да, қолынан да, іс келетін, қалың қауымды сонынан ерте білетін парасатты азамат-ты.

Бос сөзден гөрі нақтылықты жаңы сүйеттің тулға сол елді-мекен түгілі, бүкіл өнірдің мактандышы еді. Кешегі қанды майданда нағыз азаматтардың ерекше қырлары ашылды. Осы жүрегі елім деп соқкан атамыз Ұлы Отан соғысы жылдары өзінің гүмүр бойы жинаған қаражатына үшақ сатып алғып, әлгі техниканы майдандағы әскерлерге сыйға тартқанды.

Осынау асқар таудай әкенің қазақтың кең жа-

зирада даласында жомарттығы, еңбексүйгіштігі, бір сөзділігі мен табандылығы өзінен тараган үрпактарына да дарыды.

Әулеттің байтерегі Қабаш ага мен құдай қосқан қосағы Айсулу апамыз төрт перzentін қатарынан қалдырмай өсірді. Шаңырақта тәрбиеленген балалардың тұнғышы Манашты бүкіл қазақ халқы ардақтайты. Өйткені, ол бүкіл саналы өмірін үлтұмыздың тарихын зерттеуге арнады. Кешегі алды Одақ ыдырап, мемлекетіміз тәуелсіздік алғанда көпшілікке белгісіз актандар кезеңдер жайлар қаншама тағылымды енбектер жазды. Үлттық Ғылым академиясының академигі дәрежесіне жетті. Костанай қаласының құрметті азаматы атағын иеленді.

Кезінде Манаш ағанын Алматыдағы зәулім үйінде де болып, зайбы Сара апамыздың қолынан дәм таттым. Академикпен ұзақ жылдар бойы бір шаңырақтың астында бақытты гүмір кешкен аяулы жан маған біраз жайды баяндап берді. Сұхбат барысында ол сүйікті қайнысы Сагымбайдың бойындағы өзгелерге белгісіз қырлары жайлар да әңгімелеп берген болатын.

Қабаш ата мен бен апамыздың үлкен қызы Сөулеш гүмірының соңғы күндері дейін Мендікара ауданындағы Краснопреснен елді-мекенінде тіршілік кешті. Ол отағасы Өтегенмен екеуін сол ауылдағы ағайындардың үл-қыздарын оқытып, олардың еліміздің мактаулы азаматтары болуына өздерінің лайыкты үлесін кости. Өтекен бұл күндері 96 жаста. Жақында Социалистік Еңбек Ері, мемлекет жөне қоғам қайраткері Оразалы Қозыбаевтың 100 жылдық мерейтойында жүздесіп, әңгіме-дүкен күрудың сәті тусты.

Кейіпкеріміз Сагымбай аға отбасындағы үшінші бала. Одан кейінгі Элия қазіргі таңда Алматы шаһарының тұрғыны. Ол да бауырлары секілді замандастарының арасында өте сыйлы.

## ЛЕНИНГРАДТА БІЛІМ АЛДЫ

Өзім рухани аға тұтатын Аманжолдың әңгімесіне қарағанда, Сагымбай Қабашұлы Костанай қаласындағы №9 орта мектепте білім алды. Оның бойындағы руханиятқа деген талпынысы сол кездің өзінде айқын көріне бастады.

Талапты жас 1957 жылы Алматы қаласындағы индустримальды техникумға күжатын тапсырып, сынақтан сүрінбей өтті. Ол бұл уақытта небәрі он



үштегі жасөспірім-ді. Соған қарамастан алғырылқ танытты.

Аталған оку орнын тәмәмдаған сон сол бурынғы астанадағы жиһаз фабрикасында қатардағы жұмысшы болып еңбек етті. Содан кейін мектептерде шәкірттерге дәріс берді.

Міне, бұл қызметтердің бәрі де қажырлы да қайратты жас жігіттің өмірді тануына, халықтың мұн-мұқтажын көзбен көріп, көңілге тоқуына ықпал етті. Әскер қатарында болған кезінде қазақ жігітінің тиянақтылығы, жауапкершілікті сезінүі командирлердің назарын өзіне аудартпай қоймады. Онда взвод командирі атанып, жас жауынгерлерге үлті көрсетті.

Бозбала әскерден оралған сон сол жылдардағы дарынды азаматтардың бірі ретінде көршілес жатқан Ресейде оқуды мақсат тұтты. Өзінің біліміне өте сенімді еді. Содан Ленинград (казіргі Санкт-Петербург) қаласындағы мемлекеттік университеттің журналистика факультетіне түсіп, оны 1970 жылы бітіріп шыкты.

Колына диплом алған соң Алматы қаласында таңдаған журналистік мамандығы бойынша қызметтің бастады. КСРО Журналистер Одағының мүшелігіне қабылданды. Содан 1974 жылға дейін Қазақ КСР мемлекеттік телерадио комитетінде кіші редакторлықтан бас редактордың орынбарлығына дейін жогарылады.

Білікті маманның ізденісі мен өз көсібіне деген ерекше ықыласы ескеріліп, ол Букілодактық радионың Қазақстандағы меншікті тілшісі болып бекітілді. Бұл кезеңде ол шығармашылық қырларымен дараланды.

Оның қабілеті мен біліктілігін бүкіл қазақ елі таныды әрі әріптестері оған құрметпен



қарады. Осы талпыныстары мен еңбеккорлығы бағаланып, ол қазіргі Әл-Фараби атындағы үлттық университетінің журналистика факультетіне ага оқытушылығына шақырылды. Тынымсыз еңбектің натижесінде Қазак радиосының тарихына байланысты кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады. Осылайша оның ғылымдағы жолы ете сәтті басталды.

Тәжірибелі қаламгер аталмыш жоғары оқу орнының жаңындағы «Қазак университеті» газетінің редакторы да болды. Осы басылымда факультеттегі болашағынан үлкен үміт күттіретін студент жастардың шеберлігін шындалды.

Әңгіме арқауына айналған факультетте журналистика кафедрасының доценті, содан кейін кафедра менгерушісі, араға уақыт салып, факультет деканының орынбасары, декан секілді қызыметтерді абыраймен атқарды. Талай дарынды ғалымдарға бағыт-бағдар беріп, олардың қамкоршысы әрі ақылшысына айналды.

Үздіксіз көз майын тауыса жұмыс істеудін арқасында Мәскеу қаласында докторлық диссертациясын да корғап, өз саласының тандаулы маманы екендігін іс жүзінде дәлелдеді. Журналистика тарихы, халықаралық журналистика кафедраларының негізін қалаушы ретінде де әріптестеріне мәлім.

## AFAFA ҚАРАП ІНІ ӨСЕР

Талантты ғалымның алдынан тәлім алған қашшама түлектер бұл күндері еліміздің барлық өнірлеріндегі басылымдарда қызмет атқарып жатыр. Ардақты үстаз сол шәкірттері жайлы жылы лебіздер естісе жаңы марқайып, қеудесін мақтаныш сезімі кернейді.

Оны адамгершілік қасиеттері үшін бәріміз де жаксы көреміз. Осы саладағы білікті де ғулама ғалым болса да өзін ете қарапайым үстайды. Өзімен кез-келген өзекті тақырыпта еркін сырласа аласын. Өмірден оқығаны мен тоқығаны көп абзал азамат жүртшылықты толғандыратын сауалдарға жауап беруге әрдайым дайын.

Ол туған жері Қостанайды жер жәннатына балайды. Осында келген сапарларында облыстағы газеттердің редакцияларына ат басын бұрып, мундагы әріптестерімен салемдесіп шығуды парызым деп санайды. Оның әңгімесінен тектіліктің, ізгіліктің және зиялыштық ісі анқып турады.

Ұзак жылдар бойы баспасөз саласында тер төгіп келе жатқан ғалымды білмейтіндер жоқтың қасы. Ол әлемдік журналистика тарихы және үлттық бүқаралық акпарат құралдарын түгел зерттеді десек қателесе қоймаспyz.


Ұйымдастырушылық қабілеті мол тұлға бірқатар

халықаралық жинақтардың жауапты редакторы және құрастырушысы. Ол аз десеніз, Мәскеу, Санк-Петербург, Киев, Алматы қалаларындағы беделді баспалардан жарық көрген үжымдық монографияларлың да авторы.

Университетте қызмет атқарған кезеңдерде тек өзі ғана ғылымның биік шыңына көтеріліп ғана койған жоқ. Тәлімгер ретінде факультеттегі жас ғалымдардың «Журналистика», «Саясаттану», «Отандық тарих» мамандықтары бойынша докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғауына септігін тигізді.

Бұл күндері Қазақстанның түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жаткан әріптестері Сагымбай Қабашұлын өзінің ғылыми мектебін қалыптастырыған дарынды ғалым деп есептейді. Ол магистратурада «Профессор Сагымбай Қабашұлы Козыбаевтың шығармашылық шеберханасы» арнаулы курсын жүргізді. Сонымен катар Әл-Фараби және Абай атындағы ұлттық университеттерінің жанындағы саясаттанудан докторлық кенестерінің мүшесі әрі ғылыми хатшысы болды. Басқа да бұл саладағы атқарған жұмыстары орасан.

Мен Сөкенді сол журналистика факультетінің студенті болған жылдардан бері білемін. Ол партия



ұйымының жандануына да өзінің белсенділігі және үйимдастырышылық қабілетімен де лайықты үлесін косты.

Өзім бұл кезде студенттер арасындағы коммунистер кеңесінің төрағасы едім. Сондықтан ғулама ғалыммен түрлі деңгейдегі басқосуларда жиі кездесіп, ол кісінің гибратын көрдім. Ой-толғамдарын естіп,





тағылым алдым. Бірақ ол кезде білікті ғалымның туған жеріндегі облыстық «Қостанай таңы» газетінде еңбек жолымды бастап, атак-даңқы республикамызға мәшінүр өүlet жайлы мақала жазамын деп еш ойлаган емеспін.

Кезекті демалысымда Алматы шаһарына жолым түскенде, білімнің кара шаңырагы атанған яғни,

кезінде даріс алған университеттегі журналистика факультетіне ат басын бұрмай кептейтінмін. Ондағы қызмет атқарған Сагымбай агамен сәлемдесіп, журналистикаға қатысты энциклопедияларды алатынын. Бұл еңбектер менің кітапханамда алі күнге дейін сақтаулы.

Айта берсек, көрнекті ғалымның кейінгілерге өнеге боларлық қырлары жетерлік. Бір түйгенім, адал еңбек ертеңді-кеш бағаланбай қоймайды еken. Біртуар ғалымның үзак жылғы еңбектері ескеріліп, айрықша ілтипатқа бөлениді.

Ол қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Журналистика академиясының президенті. Бұл үйим «Алтын жұлдыз» және «Алтын самұрық» сыйлығын белгілеп, оны журналистика саласында ерекше еңбегімен көзге түскен аса дарынды әріптестерімізге салтанатты түрде тапсыруды дәстүрге айналдырыды.

Сәкең сонау 1998 жылдан бері қазақ үлттық энциклопедиясы көп томдығының ғылыми кенесшісі. Мұндай жауапты жұмысқа кез-келген ғалымды тарта бермейтіндігі зиялды қауымға белгілі.

Көптеген журналистердің ұлағатты үстазының алған марапаттары да жетерлік. Ол Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының алты дүркін лауреаты. Халықаралық журналистер федерациясының күрметті дипломының иегері.

Төрт академияның толық мүшесі. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сінірген еңбегі үшін», «Мәдениет қайраткері», «Қазақстанның



күрметті журналисі» төс белгілерінің иегері. Президенттің Бұқаралық аппарат күралдары саласындағы сыйлығымен де марапатталған. «Алтын самурық» және басқа да бірқатар медальдарды тақты.

## ЖЕРЛЕСТЕРІ МАҚТАН ТҮТАДЫ

Сагымбай Қабашұлы таланты мен қарым-қабілетін замандастары мойындаған тұлға. Атақты профессор алемнің АҚШ, Германия, Түркия мемлекеттері мен ТМД-ның бірқатар елдерінде үйимдастырылған Халықаралық мәртебелі конференцияларға катысып, шетелдік өрістестерінің алдында мазмұнды баяндама жасады.

Сөйтіп, қазақ елінің абыройы мен беделін асқақтатып, өзінің шын мәнінде сөзге шешен екендігін өзгелерге паш етті. Мұндай қасиеттер оның бойына әкениң қаны, ананың ақ сүті арқылы дарығаны ақырат. Жалпы, оның өмірінде ағасы Манаш Қабашұлынан алған тәғылымы да бөлек екендігі де даусыз. Қазақ «Әке көрген оқ жонар», «Ағара қарал іні өсер» деп босқа айтпайды.

Оның жазған монографиялары, окулықтары арбір өзін толыққанды журналистің деп есептейтін зиялыш жанның шаңырағындағы кітап сөрелерінде тұрады деп есептеймін.

Данқты жерлесіміз отбасында да бакытты. Шаңырактың тірері, ардақты аке, сүйікті жар, парасатты ата. Бұл күндері өзінен тараган Анар, Аружан есімді қыздары мен ұлы Санжар, немерелері ғұмырының сәні мен мәні. Ал перзенті Аружан әкесінің жолын қыуп, журналистика мамандығын таңдады.

Саналы өмірін қаламгерлік пен ғылымға арнаған үстазымыз Сагымбай өзінің кіндік қаны тамған киелі де қасиетті жерді ешқашан да ұмытпайды. Қызметтен қолы босап, демалысқа шыққан кездері көкорай шалғынға оранған табигаты көркем ауылыша жеткенше асығады.

Ата-бабасының әруағына тағзым етіп, құран оқытады. Бабасы Қозыбайдың төрт баласы Қостанай-Корған бағытындағы үлкен жолдың бойындағы Мұса қажы Зулкарнайұлы жерленген зиратта мәнгі тыныстап жатыр.

Ал өзіне шапағаты мен шарапаты көп тиғен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Оразалы Қозыбаев пен ұлы тарихшы Манаш Қабашұлы Алматыдағы Кеңсай зиратында жатқанын елінің та-



рихы мен мәдениетін құрметтейтін журектері ізгілікке толы бауырларымыз білсе керек.

– Әuletтің бәйтерегі, нағашымыз Қозыбай Қостанай өніріне аты белгілі кісі болған. Кезінде ол сауда саласында тер төккен. Оның үрпақтары да елі мен жеріне аянбай еңбек еткен көрнекті тұлғалар. Бүгін өзім мақтанышпен ауызға алғы отырған Сагымбай да асылдын түяғы.

Өзім Сагымбаймен тай құлындағы тебісін бірге өстім. Сол күндерді ерекше сағынышпен еске ала-мын. Балалық шақ ешқашан да ұмытылмайды екен. Ол кішкентайынан зерек болатын. Әсіресе, техникаға өте бейім-ді. Колынан фотоаппараты түспейтін. Сол кездің өзінде халықта жақын еді. Аңсаған арманы орындалып, білікті ғалым атанды. Қаншама жас журналистерді тәрбиеледі. Туған-тұысқа қайрымыды. Аман-саулығымызды біліп тұрады, – дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қузембайұлы.

Мендікара ауданының құрметті азаматы, талантты ғалым Сагымбай Қабашұлы шілде айында секеннің сенгіріне кетерілгелі отыр. Қазақ журналистикасының білгірі, когам қайраткері, ұлагатты үстазымызга алдағы уақытта мықты денсаулық, отбасында бакыт, ғылымның кия жолында табыс тілейміз.

Оразалы ЖАҚСАНОВ